

**«8D02301 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Демесинова Акерке Алтаевнаның
«Қазақ әдебиетінде фэнтези жанрының қалыптасуы мен көркемдік даму бағыттары»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	«Қазақ әдебиетінде фэнтези жанрының қалыптасуы мен көркемдік даму бағыттары» тақырыбында жазылған диссертация төмендегі мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді: - Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына; - атап айтқанда, 5.3.6. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы саласына сәйкес балалар әдебиетін жаңаша зерттеудің үлгісі бола алады; - Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (31.12.2019 ж.); - ҚР Үкіметі жанындағы ЖҒТК бекіткен ғылым дамуының 5. «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер. 27.04.2016 ж.) ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалары.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Диссертациялық зерттеу жұмысы қазіргі ғылымға елеулі үлесін қосады деп есептейміз. Қазіргі таңда әдебиеттану ғылымында, соның ішінде қазақ әдебиеттануында фэнтези жанрының генезисі, оның мәдениеттанудағы алғышарттары, жанрлық модификациялары және басқа қырлары жөніндегі пікірталастар бар. Тіпті фэнтезидің әдебиеттің дербес жанры болуы заңды құбылыс па, жоқ әлде ғылыми фантастиканың, мифологияның, ертегі жанрының бір тармағы ғана ма деген мәселе әлі шешімін тапқан жоқ. Осы бір тақырыпқа арналған арнайы зерттеулер қазақ әдебиеттануында кездеспейді. Диссертацияда қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрының негізін қалаушы Т.Рымжановтан бастап, кейінгі Р.Сауытбай, Т.Шегиров-Тұрысбек Сәукетаев, Т.Ермашев, А.Сырманов, З.Төреханова, И.Нұрғалиев, Б.Ыбырайым, А.Түлембаева, З.Наурызбай мен Л.Калаус, тағы басқа

		диссертанттың талпынысы тақырыптың өзекті мәселелердің бірі екендігін дәлелдейді. Осы тұрғыдан келгенде балалар фэнтези шығармаларын, ондағы кейіпкерлер әлемін, фэнтезидегі бала әлемінің бейнесін жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Сондықтан балалар фэнтезиі шығармаларын терең талдаудың маңызы зор.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u>; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Бізге ұсынылған диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбын айқындайды және толығымен ашқан. Диссертацияның тақырыбы «Қазақ әдебиетінде фэнтези жанрының қалыптасуы мен көркемдік даму бағыттары», ал осы тақырыпты ашуға негізделген мазмұны құрылымы жағынан үш бөлімге жинақталған. Бірінші бөлімі қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрының шығуы мен қалыптасуының кайнар көздерін зерттеуге арналған және төмендегідей акпараттарды қамтитын ішкі бөлімдерден құралған: қазақ және әлемдік әдебиеттануда фэнтези жанрының қалыптасуының негізгі мәселелері сараланған және зерттелуінің дәрежесі айқындалған; фэнтезидің мифологиялық негізі және оған неомифологизмнің ықпалы зерделенген; қазақ фэнтези жанрының теориялық аспектілері, миф, ертегі, фантастика жанрларымен үндестігі және айырмашылықтары тиянақты зерттеліп, анықталған. Зерттелген мәселелер диссертацияның негізгі мақсатын жүзеге асыратын міндеттерін орындаудың алғышарты болып табылады. Екінші бөлім қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрының жіктелісін әзірлеуге және даму бағыттарын айқындауға арналған. Бұл маңызды бөлімінде қазақ әдебиетіндегі фэнтези түрлерінің жіктемесі алғаш рет ұсынылып, даму кезеңдері анықталып, нақты дәйектелген. Сонымен қатар қазақ әдебиетіндегі фэнтезиге тән сюжет және характер мәселелері терең де жан-жақты зерттелген. Фэнтези сюжеттерінің көбінде шоғырлы және хроникалы болып келу заңдылықтары анықталған. Ертегі мен фантастикалық туындылардан айырмашылығы - шығарма кейіпкерлерінің характерлеріне фэнтези авторларының көбірек мән беретіндігіне назар аударылған. Қазақ әдебиетіндегі фэнтези кейіпкерлерінің ерекшеліктері нақты шығармалардағы мысалдар арқылы анықталған. Үшінші, қорытындылаушы бөлімі балалар фэнтезиіндегі кейіпкерлер әлемін сипаттауға және ұлттық-отбасылық құндылықтардың көрінісін айқындауға арналған. Балалар фэнтезиіндегі ұлттық-отбасылық құндылықтардың бейнеленуін диссертант Т.Рымжановтың, Р.Сауытбайдың, А. Түлембаева, З. Наурызбай мен Л. Калаустың және басқа жазушылардың фэнтези шығармалары негізінде зерттеген. Тауық Рымжановтың шығармалары қазақ фэнтезиінің алғашқы қарлығаштарына жатады деп бағалай отырып, аталған автордың фэнтезиіндегі кейіпкерлер әлемін жан-жақты зерттеген. Соңғы ішкі бөлімде диссертант қазіргі кездегі ең танымал шығармалар қатарынан орын алған Рүстем Сауытбайдың «Шоко әлемі» фэнтезиіндегі «бала әлемінің» бейнесін зерттеу бағытында концептілік талдау жасаған.

		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертация тақырыбына зерттеудің мақсаты мен қойылған міндеттері сәйкес келеді. Диссертациялық зерттеудің мақсаты: казак әдебиетіндегі фэнтези жанрының калыптасуы, даму өрісін, зерттелу деңгейін саралай келе, казак фэнтезиінің көркемдік даму бағыттарын анықтау, дербес жанр екенін дәлелдеу. Бұл мақсатка жету жолында ізденуші алдына төмендегідей нақты міндеттер қойған: - казак және әлем әдебиетіндегі фэнтези жанрын зерттеуге арналған ғылыми әдебиеттер мен осы жанрда жазылған көркем әдебиеттерді зерделеу арқылы оның мифологиядан, фольклорлық және әдеби ертегіден, балалар фантастикасы мен ғылыми фантастикадан айырмашылығын анықтау; - балаларға арналған фэнтези туындыларының көркемдік кеңістігіндегі мифологиялық сарын мен фольклорлық компонентті саралау арқылы авторлық мифті (неомифті) жасау тетіктерін көрсету; - «Ер Төстік», «Кер құла атты Кендебай», «Күн астындағы Күнікей қыз», «Ай астындағы Айбарша сұлу», «Қыран қарауылшы» қиял-ғажайып ертегілеріндегі, миф шежіресіндегі, скифтер мен сақтардың мифтері, ғұндардың мифологиясы, ежелгі түріктердің мифтері, казак мифологиясы, жұлдыздар мен шокжұлдыздар жайлы мифтер, табиғат құбылыстары жайындағы мифтер, ағаштар жайындағы мифтер, канатты аттар жөнінде аңыздар, құстар жайындағы мифтердегі сюжеттер мен кейіпкерлердің қазіргі фэнтезидегі көрінісін, сюжет өрбітудегі ықпал-әсерін таныту; - казак балалар фэнтезиінің даму өрісін әлемдік авторлардың шығармаларымен салыстыру, салғастыру арқылы айқындау (Т. Рымжанов, Р. Сауытбай, З. Наурызбай мен Л. Калаустың және басқа авторлардың да шығармаларын талдау); - қазіргі әдеби үдерістегі фэнтези түрлерін анықтау; - казак әдебиетіндегі фэнтезиге тән сюжет ерекшеліктерін көрсетіп, кейіпкерлер әлеміне талдау жасау; - балалар фэнтезиінде ұлттық-отбасылық құндылықтарды бейнелеудегі маңызын саралау және Тауық Рымжанов шығармашылығын казак фэнтезиінің негізін калаушы ретінде зерделеу; - Р.Сауытбайдың «Шоко әлемі» роман-фэнтезиіндегі «бала әлемі» бейнесін концептілік талдау негізінде ашу. Зерттеудің міндеттері диссертация құрылымын құрайтын үш бөлімнің мазмұнына сәйкес кезең-кезеңімен шешілген.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы және қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлігі логикалық тұрғыдан толығымен байланысқан, тұтастығы айқын байқалады. Осы тұрғыдан алғанда диссертациялық жұмыстың ғылыми-тәжірибелік нәтижелері сабақтастығымен, тұтастығымен, зерттеудің қорытындылары қисынды бірлігімен сипатталады. Зерттеу нәтижелері ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдеп, зерттеу мақсаты мен міндеттерін сатылап шешуге бағытталған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп,	Диссертант ұсынған шешімдер әлемдік әдебиеттану ғылымында осыған дейінгі жүргізілген зерттеулердің тұжырымдарымен салыстырылып, сыни тұрғыдан талдау

		бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	жасалған. Қазақ әдебиетінде фэнтези жанрының қалыптасуы мен көркемдік даму бағыттарын зерттеуге арналған диссертацияда отандық және шетелдік ғалымдардың бұрын-соңды айтылған тұжырымдары диссертацияда төмендегідей топтарға жинастырылып, талданған және түйінді ойлар айтылған: 1. Отандық зерттеуші-ғалымдар А. Байтұрсынов, С. Қаскабасов, А-Х.Ф. Мархабаев, Б. Әбдігазиев, Ш. Ыбыраев, П. Әуесбаева, С. Қондыбай, Р. Әлмұканова, С. Итеғұлова, К. Матыжанов, шетелдік зерттеушілер Ю.М. Лотман, В.Я. Пропп, А.Н. Веселовский, О.М. Фрейденберг, А.Ф. Лосев, А.Ф. Косарев, К.Г. Юнг, Е.М. Мелетинский, А.М. Новиков, В.Н. Минеев, В.М. Жирмунский, В.Н. Топоров, Я.В. Солдаткина, А.Б. Есин және басқа да ғалымдардың әдебиет теориясы, әдебиет тарихы, мәдениеттану, фольклористика бағытындағы ғылыми еңбектері зерделенген. Аталған авторлардың еңбектерінде фольклор мен әдебиеттің өзара ықпалдасуы, мифология мәселелері, мифопоэтика мәселелері, әдеби архетиптер және тағы басқа мәселелер қаралған; 2. Маңызды әдіснамалық бағдар ретінде Серікбол Қондыбайдың «Аргыказак мифологиясы», төрт кітаптан тұратын ғылыми басылымы (Алматы, 2004), Я.В. Погребнаяның «Актуальные проблемы современной мифопоэтики»: оқу құралы (М., 2011) және «Аспекты современной мифопоэтики» оқу құралы (Ставрополь, 2010) пайдаланылған; 3. Зерттеу барысында әдебиеттің жанрлық ерекшеліктеріне арналған ғылыми ізденістер басшылыққа алынған (Н.Л. Лейдерман, М.М. Бахтин, Л.В. Чернец, В.Л. Гопман, Е.Н. Ковтун, Л.Г. Кихней, Ю.Н. Тынянов және басқалары); 4. Фэнтезидің әдебиеттің басқа еншілес жанрларымен өзара ықпалдастығын зерттеуге арналған іргелі еңбектерге сүйене отырып зерттеу жүргізілген (Л.В. Овчинникова, В.А. Карпов, Т.А. Чернышева, С.М. Лойтер, М.И. Мещерякова, И.П. Лупанова, Т.В. Кривошапова, Е.М. Неелов және басқа ғалымдар).
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен кағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның жаңашылдық деңгейі қазақ әдебиеттану ғылымында алғаш рет қазақ әдебиетінде фэнтези жанрының қалыптасуы мен көркемдік даму бағыттарын зерттеуге арналғандығымен айқындалады. Ғылыми нәтижелері мен кағидаттары толығымен жаңа болып табылады. Диссертациялық зерттеу жұмысында алғаш рет қазақ әдебиеттану ғылымында фэнтези жанрына дербес әдеби жанр ретінде талдау жасалған. Сол талдаудың нәтижесінде: а) қазақ фэнтези шығармаларына архетиптік негіз болып қаланған мифологиялық, фольклорлық және әдеби ертегі, казактың ұлттық дәстүрлері мен діни сюжеттері мен мотивтері анықталған; ә) қазақ балалар әдебиетіндегі фэнтези жанры өзінен-өзі пайда болған жоқ деген тұжырым жасалған. Оның пайда болуы мен қалыптасуының негізгі екі қайнар көзі анықталған: казактың ұлттық мифологиялық және фольклор мұралары мен әлемдік фэнтезидің ықпалы; б) ең алғаш рет қазақ балалар фэнтезиіне тән сюжет пен характер айқындалған, фэнтези кейіпкерлерінің әлемі жүйелі талданған. Зерттеу

		жұмысының теориялық маңызына фэнтези жанрының теориясы мен тарихын зерделеуге айтарлықтай үлес қосуы жатады. Зерттеу тақырыбы қазақ фэнтезиінің жанрлық ерекшеліктері мен мифопоэтикалық айшықтарын ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Жұмысты орындау барысында жасалған негізгі тұжырымдар мен қорытындылар қазіргі қазақ әдебиетінің даму заңдылықтары мен жалпы әдебиеттің мифопоэтикасын зерттеуге қажетті әдіснамалық алгоритмнің ролін атқара алады. Ғылыми зерттеу нәтижелерін жоғары, орта арнаулы оқу орындарында әдебиеттану, әдебиет теориясы, балалар мен жасөспірімдер әдебиеті бойынша оқытылатын дәрістер мен тәжірибелік сабақтарда пайдалануға болады. Зерттеудің қорытынды тұжырымдарын «балалар фантастикасы», «ертегі», «әдеби ертегі», «балалар фэнтезиі» жанрларын айқындау мәселелеріне арналған арнаулы курстарды әзірлеу барысында қолдану мүмкіндігі бар. Жоғары оқу орындары, колледждер мен мектептерде әдебиет пәнін оқыту тәжірибесінде қолдануға толық мүмкіндік бар.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Зерттеу жұмысы диссертанттың ғылыми ізденісінің жан-жақтылығы мен тереңдігін, бағыт-бағдарының айқындығын көрсетіп, алдына қойған міндеттерін әдістемелік тұрғыдан толық орындап шыққандығымен сипатталады. Диссертациялық зерттеу еңбегінің жаңалық деңгейі келесі дәйектермен анықталады: - қазақ балалар фэнтезиі – фольклорлық және әдеби ертегіден, ғылыми фантастикадан және балалар әдебиетінің басқа да прозалық жанрларынан (шытырман оқиғалы повестер, хикаяттар) ерекше, дербес жанр екендігі туралы тұжырым жасалған; - қазақ балалар фэнтезиінің жанрлық сипаттары келесі параметрлермен өлшенетіндігі анықталғанымен дәлелденеді: а) бір-бірінен туындап отыратын тұжырымдамаға негізделген «қосалқы әлем» кеңістігінің қалыптасуы. Кейіпкердің басқа әлемге «көшуі» сиқырлы заттың, мифтік құбыжықтың көмегімен немесе ерекше жерде жүзеге асады; ә) магия заңдарымен өрбитін квест мотивіне негізделген динамикалық сюжеттің болуы. Нарративтік негіз ретінде жақсылық пен жамандықтың жаһандық күресі қала береді; б) әлемді құтқаратын бала архетипі кейпіндегі орталығында кейіпкер-жасөспірім тұратын айрықша суреттік жүйе болады; в) фэнтези сюжеттері мифологиялық және фольклорлық концептілерге оралып, тіпті кейде оларды өзгертіп отырады деген пайым айтылған; - қазақ әдебиетіндегі балалар фэнтезиінің екі қайнар көзінің анықталуымен дәйектеледі: а) қазақтың дәстүрлі ауыз әдебиетінің, фольклорының, халық ертегілерінің, әдеби ертегілердің, мифологиясының мотивтері мен кейіпкерлері; ә) әлем жазушылары, фэнтези жанрында алғаш қалам тербеген, қазіргі таңдағы классиктеріне айналған Джон Р.Р. Толкин, К. Льюис және Ф. Пулманның шығармалары. Аталған авторлардың

			шығармаларында мифологиялық концептілерге оралу, тіпті кейде өзгерту (К. Льюистің шығармаларында діни концептіні өзгерту талпынысы байқалады) арқылы жанрдың канонизациясы жүзеге асырылатындығы анықталған. Фэнтези авторының мақсатты жоспары арқылы көркемдік трансформациялану іске асатындығы баяндалған; - қазақ әдебиетіндегі балалар фэнтези жанрында соңғы уақытта жазылған шығармалардың сюжеттері мен оқиғаларында Батыс, ағылшын фэнтези шығармаларының сарыны байқалатындығы анықталған, бірақ қазақ ұлттық нақышында берілгендігі туралы тұжырым жасалған; - қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрының негізін қалаушы – Тауып Рысжанов деген қорытынды жасалған; - Рүстем Сауытбайдың «Шоко әлемі» фэнтезиіндегі «бала әлемі» бейнесінің моделі алғаш рет ұсынылған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ғылыми жұмыс зерттеу нәтижелерін қорытып, дәйектеп шығуға бағытталған және шешімдері жаңа.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u>/негізделмеген	Диссертацияда жасалған барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Балалар фэнтезиінің қалыптасуы мен дамуын зерттеген кезде Батыс және славян фэнтезиін зерттеп жүрген шетелдік ғалымдарының еңбектеріне де шолу жасалған: F.J. Molson, А.П. Гусарова, Е.А. Чепур, О.П. Криницына, Т.В. Печагина, Л.Г. Головина, М.Ю. Кузьмина және басқалары. Зерттеудің нақты материалдары ретінде С.Қаскабасовтың «Қазақтың халық прозасы» (Алматы, 1984), А-Х.Ф. Мархабаевтың «Қазақ фантастикалық әдебиеті» (Алматы, 1998), Ш. Ыбыраев пен П. Әуесбаеваның құрастыруымен шыққан «Қазақтың мифтік әңгімелері» (Алматы, 2002), С. Қондыбайдың «Арғықазақ мифологиясы» (Алматы, 2004) атауымен шыққан төрт кітабы, Р. Әлмұқанованың «Қазақ фольклорындағы антикалық сарындар» (Алматы, 2009), С. Итеғұлованың құрастыруымен жарияланған «Қазақтың мифтік кейіпкерлері» (Астана, 2016), К. Матыжановтың «Казахский семейный фольклор» (Мәскеу, 2023), «Рухани уыз. Қазақ балалар фольклоры» (Алматы, 2023) еңбектеріндегі ой-пікірлерді басшылыққа алынған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді	Зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелерді негізге ала отырып зерттеуші қорғауға келесі тұжырымдарды ұсынады: 1. Қазақ балалар фэнтезиі – фольклорлық және әдеби ертегіден, ғылыми фантастикадан және балалар әдебиетінің басқа да прозалық жанрларынан (шытырман оқиғалы повестер, хикаяттар) ерекше, дербес жанр. 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>;

			жазушылардың фэнтези жанрында жазылған, әлі де жалғасын тауып, жазылып жатқан шығармаларының даму кезеңдері мен түрлеріне, сюжеттік ерекшеліктеріне талдау жасалған. Фэнтези шығармаларына тән белгілер анықталып, фэнтези кейіпкерлерінің ертегі, миф, фантастика кейіпкерлерінен ұқсастықтары мен айырмашылықтары мысалдармен көрсетілген. Диссертацияда казак әдебиетіндегі фэнтези кейіпкерлерінің ерекшеліктері мен типологиясы айқындалған, фэнтези шығармалары мен кейіпкерлерінің жіктемесі алғаш рет ұсынылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Зерттеу жұмысын диссертанттың өзі жазу деңгейі жоғары. Диссертант зерттеуінде өзіндік тұжырымдар жасауға қол жеткізген және таңдаған тақырыбын толығымен аша білген. Бізге ұсынылған диссертациялық зерттеуді толығымен аяқталған ғылыми жұмыс деп бағалауға негіз бар. Қол жеткізілген зерттеу нәтижелері мен ғылыми тұжырымдарын негізге ала отырып жұмысқа теориялық және тәжірибелік қырынан құндылығы жоғары жұмыс деген баға беруге әбден болады. Зерттеу жұмысы казак әдебиетінде бұрын зерттелмеген, өзекті тақырыпқа арналаған, логикалық тұтастығы сақталған, толық әрі аяқталған құнды зерттеу болып табылады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі толығымен негізделген. Әлемдік әдебиеттану ғылымында фэнтези жанрының қалыптасып, кемелденуі, фэнтези түрлері, оның сюжетінің өзіндік ерекшеліктері жөнінде қомақты еңбектер жазылса да, казак әдебиеттану ғылымында фэнтези мәселелерінің зерттелуі кенже қалып отырғандығын аңдауға болады. Қазак фэнтезиінің миф, ертегі, фантастикамен үндестігі, айырмашылық қырлары, фэнтези кейіпкерлерінің ертегі, фантастика кейіпкерлермен сабақтастығы, өзгешелік жақтары, казак фэнтезиінің ұлттық сипаты теориялық тұрғыдан жан-жақты зерттелмеген. Қазак әдебиетіндегі фэнтези ерекшеліктерінің анықталмауы, «фэнтези» ұғымының нақты шекараларының айқындалмауы осы жанрдың төңірегінде әр алуан пікірлерді өрістетіп отырғаны белгілі. Фэнтези жанрында жазылған шығармалардың феномені мен оның жас буынның арасындағы тартымдылығы, танымалдығы туралы мәселеге көптеген әдебиеттанушылар, мәдениеттанушылар және психологтар қызығушылық білдіріп, назар аударып отыр. Осы бір өзекті мәселеге арналған бірқатар зерттеу еңбектері жарияланып, әртүрлі анықтамалар берілгенімен, фэнтези жанрының ортақ мойындалған анықтамасы әлі қалыптасқан жоқ. Осыған байланысты казак әдебиеттану ғылымының алдындағы міндеттердің бірі – казак фэнтезиінің қалыптасуы мен даму кезеңдері, көркемдік даму бағыттары, фэнтезидің түрлері, оның сюжеттік даму өрісі, балалар әдебиетіндегі фэнтези көрінісі, жалпы казак фэнтезиінің ұлттық көркем ойға қосқан үлесін айқындау десек, осыдан келіп диссертациялық зерттеу жұмысының өзектілігі анықталады. Фэнтезидің казак әдебиетінің дербес жанры ғана емес, синкретті метажанры екендігін дәлелдеуге

	7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жок 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жок	2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жок 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жок <i>Мақала:</i> «The problems of harmony and differences between fantasy and myth, fairy tale, fiction» Фэнтезидің миф, ертегі, фантастикамен үндестігі және айырмашылығы мәселелері. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, «Керуен» ғылыми журналының №4, 81 том, 2023ж., 161-173 б. DOI https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.4-13 https://keruenjournal.kz/main/issue/view/23. (ҚР ҒЖБМ бекіткен басылымдар тізіміне енген). 2. Қазақ балалар фэнтезіінің жанрлық сипаттары келесі параметрлермен өлшенеді: а) бір-бірінен туындап отыратын тұжырымдамаға негізделген «қосалқы әлем» кеңістігінің қалыптасуы. Кейіпкердің басқа әлемге «көшуі» сиқырлы заттың, мифтік құбыжықтың көмегімен немесе ерекше жерде жүзеге асады; ә) магия заңдарымен өрбитін квест мотивіне негізделген динамикалық сюжеттің болуы. Нарративтік негіз ретінде жақсылық пен жамандықтың жаһандық күресі қала береді; б) әлемді құтқаратын бала архетипі кейпіндегі орталығында кейіпкер-жасөспірім тұратын айрықша суреттік жүйе болады; в) фэнтези сюжеттері мифологиялық және фольклорлық концептілерге оралып, тіпті кейде оларды өзгертіп отырады. 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жок 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия;
--	---	--

		2) жок <i>Мақала:</i> «Қазақ әдебиетіндегі фэнтезидің дербес жанр ретінде танылу мәселелері». «Шокан оқулары-28: Жаңа ғылыми парадигма: ынтымақтастық, цифрландыру және коммерцияландыру атты дәстүрлі, халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Ш.Уәлиханов Көкшетау университеті, 2024 ж., 153-159 б. https://www.shokan.edu.kz/ru/departments/departament-nauki-i-kommercializacii-tehnologii/nauchnye-konferencii. 3. Қазақ әдебиетіндегі балалар фэнтезиінің екі қайнар көзі бар деп есептейміз: а) казактың дәстүрлі ауыз әдебиетінің, фольклорының, халық ертегілерінің, әдеби ертегілердің, мифологиясының мотивтері мен кейіпкерлері; ә) әлем жазушылары, фэнтези жанрында алғаш қалам тербеген, қазіргі таңдағы классиктеріне айналған Джон Р.Р. Толкин, К.Льюис және Ф.Пулманның шығармалары. Аталған авторлардың шығармаларында мифологиялық концептілерге оралу, тіпті кейде өзгерту (К. Льюистің шығармаларында діни концептіні өзгерту талпынысы байқалады) арқылы жанрдың канонизациясы жүзеге асырылады. Автордың мақсатты жоспары арқылы көркемдік трансформациялану іске асады. 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жок</u> 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жок 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жок <i>Мақала:</i> «Көркем әдебиеттегі фэнтези жанрының шығу төркіні мен түрлері». Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы, №2. (143), 2023ж., 165-171 б. ДОИ: https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-143-2-165-171 https://bulphil.cnu.kz/index.php/main/article/view/284 (ҚР ҒЖБМ бекіткен басылымдар тізіміне енген). 4. Қазақ әдебиетіндегі балалар фэнтези жанрында соңғы уақытта жазылған шығармалардың сюжеттері мен оқиғаларында Батыс, ағылшын фэнтези шығармаларының сарыны байқалады, бірақ қазақ ұлттық нақышында берілген.
--	--	--

			7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u> 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) <u>жоқ</u>. 5. Қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрының негізін қалаушы – Тауық Рымжанов. 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u> 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ Мақала: 1. «Көркем әдебиеттегі фэнтези жанрының шығу төркіні мен түрлері». Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы, №2, (143), 2023ж., 165-171 б. DOI: https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-143-2-165-171 https://bulphil.enu.kz/index.php/main/article/view/284 (ҚР ҒЖБМ бекіткен басылымдар тізіміне енген); 2. «Тауық Рымжанов фэнтезиінің ерекшеліктері». «Шокан оқулары-27: Аймақты дамытудағы университет ғылымының рөлі» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция Ш.Уәлиханов Көкшетау университеті, 21 сәуір 2023 ж., 84-89 б. https://www.shokan.edu.kz/ru/departments/departament-nauki-i-kommercializacii-tehnologii/nauchnye-konferencii. 6. Рүстем Сауытбайдың «Шоко әлемі» фэнтезиіндегі «бала әлемі» бейнесінің моделі ұсынылды.
--	--	--	--

			7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u> 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ Мақала: «The problems of harmony and differences between fantasy and myth, fairy tale, fiction» Фэнтезидің миф, ертегі, фантастикамен үндестігі және айырмашылығы мәселелері. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, «Керуен» ғылыми журналының №4, 81 том, 2023ж., 161-173 б. DOI https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.4-13 https://keruenjournal.kz/main/issue/view/23. (ҚР ҒЖБМ бекіткен басылымдар тізіміне енген).
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u>; 2) жоқ	Диссертацияның әдіснамасы нақты, қолданылған әдіс-тәсілдер дұрыс таңдалған. Диссертацияның әдіснамалық негізін отандық зерттеуші-ғалымдар А. Байтұрсынов, С. Қасқабасов, А-Х.Ф. Мархабаев, Б. Әбдіғазиев, Ш. Ыбыраев, П. Әуесбаева, С. Қондыбай, Р. Әлмұқанова, С. Итеғұлова, К. Матыжанов, шетелдік зерттеушілер Ю.М. Лотман, В.Я. Пропп, А.Н. Веселовский, О.М. Фрейденберг, А.Ф. Лосев, А.Ф. Косарев, К.Г. Юнг, Е.М. Мелетинский, А.М. Новиков, В.Н. Минеев, В.М. Жирмунский, В.Н. Топоров, Я.В. Солдаткина, А.Б. Есин және басқа да ғалымдардың әдебиет теориясы, әдебиет тарихы, мәдениеттану, фольклористика бағытындағы ғылыми еңбектері кұрайды. Диссертациялық зерттеу жұмысында талдау, салыстыру, тұжырымдау, жинақтау, концептуалдық талдау жасау әдіс-тәсілдері қолданылады.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u>; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеудің заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және баяндау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Компьютерлік технологияларды қолдану арқылы диссертацияның нәтижелерін жариялаудың төмендегі жұмыс түрлері ұсынылған: 1. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ұйымдастырған академик Әбдуәли Туганбайұлы Қайдардың туғанына 100 жыл толуына арналған «Мәдениет-Өркениет-Жаһаният» контекстіндегі гуманитарлық ғылым: тіл, этнос, қоғам» халықаралық

			конгресінде стендтік баяндама жасалды. Алматы қаласы. 2024 жыл; 2.Дәстүрлі «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» аясындағы академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбига Сыздық, Шора Сарбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда стендтік баяндама жасалды. Астана қаласы. 06.12.2024 жыл.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u>; 2) жок	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Анықтау экспериментінде зерттеу нәтижелері жоғарғы оқу орындарында студенттер арасында балалар әдебиетін оқыту барысында фэнтези шығармаларын ұсыну мен талдау негізінде тексерілген. Қалыптастыру экспериментінде студенттердің фэнтези жанрындағы көркем шығарманы талдау және интерпретациялай алу, шығармашыл ойлау дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға және жаңа шығармашылық өнім ұсына алуға баулуға негізделген тапсырмалар мен әдістерді жүзеге асырған. Қорытынды эксперимент кезеңінде жүргізілген тәжірибе нәтижелерін талдау, сараптау жасалып, соған байланысты әдістемелік жүйелерге өзгертулер мен түзетулер енгізіліп, эксперименттің тиімділігі анықталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттар, отандық және шетелдік ғалымдардың әдебиеттануға, философияға, педагогика мен психологияға, ішінара лингвистикаға қатысты зерттеу еңбектері, сөздіктер, анықтамалар, халықаралық конференциялар мен журналдар, ҚР ҒЖБМ бекіткен басылымдар мен интернет дереккөздеріне сілтеме жасау арқылы расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u>/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Диссертацияда автор 173 ғылыми, әдістемелік, мерзімдік, заңнамалық-нормативтік, деректі, электронды және басқа дара дереккөздердің жеткілікті тізімін ұсынады.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u>; 2) жок	Диссертацияның теориялық маңызына диссертация авторының фэнтези жанрының теориясы мен тарихын зерделеуге айтарлықтай үлес қосуы жатады. Зерттеу тақырыбы қазақ фэнтезиінің жанрлық ерекшеліктері мен мифопоэтикалық айшықтарын ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Жұмысты орындау барысында жасалған негізгі тұжырымдар мен қорытындылар қазіргі қазақ әдебиетінің даму заңдылықтары мен жалпы әдебиеттің мифопоэтикасын зерттеуге қажетті әдіснамалық алгоритмнің рөлін атқара алады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u>; 2) жок	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Ғылыми зерттеу нәтижелерін жоғары, орта арнаулы оқу орындарында әдебиеттану, әдебиет теориясы, балалар мен жасөспірімдер әдебиеті бойынша оқытылатын дәрістер мен тәжірибелік сабақтарда пайдалануға болады. Зерттеудің қорытынды тұжырымдарын «балалар фантастикасы», «ертегі», «әдеби ертегі», «балалар фэнтезиі» жанрларын айқындау мәселелеріне арналған арнаулы курстарды әзірлеу барысында қолдану мүмкіндігі бар. Жоғары оқу орындары, колледждер мен

			мектептерде әдебиет пәнін оқыту тәжірибесінде қолдануға толық мүмкіндік бар.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар жаңа. Бұл диссертация тақырыбының өзектілігінде, казак әдебиеттану ғылымында әзірге мүлдем зерттелмеуі мен диссертант тарапынан қорғауға ұсынылған тұжырымдарынан көрініс тапқан.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертация ғылыми стильде сауатты, жоғары деңгейде жазылған. Техникалық жағынан дұрыс рәсімделген, мемлекеттік стандарттар талаптарына жауап береді.
11.	Диссертацияға ескертулер		Жазылған диссертациялық жұмыс оң әсер қалдырды, тақырып өзекті, ескертулер жоқ.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Зерттеу жұмысының мазмұны бойынша жарияланымдардың жалпы саны – 11. Олардың ішінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда 5 ғылыми мақала жарияланды, шетелдік журналда – 1 мақала, халықаралық конференция жинақтарында – 5 мақала оның үшеуі стендік баяндамамен жасалған.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы ереженің 28-тармағына сәйкес)		«8D02301 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақ әдебиетінде фэнтези жанрының қалыптасуы мен көркемдік даму бағыттары» атты тақырыбындағы диссертациялық жұмыс толық аяқталған. Демесинова Акерке Алтаевна «8D02301 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент төмендегі шешімді қабылдады:

- 1) **философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру**;
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

«8D02301 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Демесинова Акерке Алтаевнаның «Қазақ әдебиетінде фэнтези жанрының қалыптасуы мен көркемдік даму бағыттары» тақырыбындағы диссертациясына оң пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

ҚР ҰҒА М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының бас директоры, ҚР ҰҒА академигі,
филология ғылымдарының докторы



Матыжанов К. С.